

Тренинг

«Әрбір бала жарқыраған жұлдыз!»

Ерекше балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу.



Өткізген: Табылғанова Д.

Детейіңіз!
02.02.2024
Д.А.

☀ Тренинг тақырыбы:

«Әрбір бала – жарқыраған жұлдыз!»

🎯 Мақсаты

Ерекше білімді қажет ететін балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу, өзін қабылдау, өзгені сыйлау, достық қарым-қатынасты дамыту.

✿ Міндеттері

- Балалардың бір-біріне деген жылы қарым-қатынасын қалыптастыру
- Өзгешелікті түсіну және қабылдауға үйрету
- Бірлесіп әрекет ету, көмектесу дағдыларын дамыту
- Эмоциялық қолайлы орта құру

🕒 Тренингтің жүру барысы (25–30 минут)

1 Кіріспе бөлім (3–5 минут)

Педагог айтады:

«Балалар, әрқайсымыз аспандағы жұлдыз секілдіміз.

Бәріміз әртүрліміз, бірақ бәріміз жарқыраймыз.»

Біреу тез сөйлейді, біреу баяу.

Біреу қатты дыбысты ұнатады, біреу тыныштықты жақсы көреді.

Бірақ бәріміз де ойнаймыз, күлеміз, дос боламыз.»

Біреу көзілдірік тағады, біреу тез жүгіреді, ал біреу ойыншықпен ойнағанда көбірек уақыт керек.»

«Көзілдірік тағу – ұят емес.

Көмек қажет ету – де ұят емес.»

Дәл осы тақырыпты сендер тереңірек түсінулерің үшін мен сендерге тамаша бір мультфильм көрсеткім келеді. Зейін салып, мән беріп қарайық!

«Кірпі туралы» мультфильмы қосылады.

2 Жылы танысу ойыны «Жүректен жүрекке» (5 минут)

Балалар кезекпен:

👉 «Мен — ..., менің досым -»

(жүректің суретін досына апарды.)

Мақсаты: бір-біріне деген бауырмалдықты ояту.

3 Негізгі бөлім

🌈 Ойын 1: «Суретті қайтала» (5 минут)

Әр бала досымен жұп болады. Жұптасып көңілді суретті бірге қайталайды.

Педагог:

Тамаша, ойын сендерге ұнады ма? Жарайсындар!

🤝 Ойын 2: «Досыма көмектесемін» (5 минут)

Барлық балалар шеңбер болып отырады, бір-біріне арқа массажын жасайды, сипалайды.

Мақсаты: өзара көмек, әлеуметтік байланыс.

Енді көңілімізді бір көтеріп, сергіп алайық!

💬 Сергіту сәті «Қимылды қайтала» (3 минут)

4 Қорытынды бөлім (3–5 минут)

Рефлексия «Жүрекке жылы сөз»

Педагог:

«Бүгін біз не үйрендік?»

«Бәріміз қандаймыз?»

Барлығы бірге айтады:

☀️ «Әрбір бала – жарқыраған жұлдыз!»